ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ
(қарар бөлігі)

2025 жылғы 30 желтоқсан №1513-25-00-2/3203 іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья С.Е.Мукашева, электрондық азаматық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Жас барыс» Даулет Нурболатович Азербаев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 222, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Жас барыс» Даулет Нурболатович Азербаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Жас барыс» Даулет Нурболатович Азербаевтан мемлекет пайдасына 7 535 (жеті мың бес жүз отыз бес) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Жас барыс» Даулет Нурболатович Азербаевтан жергілікті бюджетке 2 192 (екі мың бір жүз тоқсан екі) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Жас барыс» Даулет Нурболатович Азербаев оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 30.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 17.02.2026, судья Мукашева С. Е., 19.02.2026

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья С.Е.Мукашева

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 30.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.02.2026, судья Мукашева С. Е., 19.02.2026